

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 30 қарашадағы № 238 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 10 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5990 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 304 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
Колданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараныз.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 тіркелген, 2008 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, № 11) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықта:

32-тармақта:

бірінші бөлікте:

1) тармақшада:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан бір пайыздан аспайтын сомада кассадағы ақша - баланстық құнның жүз пайызы көлемінде";

3) тармақшада:

"10)" деген цифр "13)" деген цифмен ауыстырылсын;

"4, 6-қосымшаларында" деген сөз және цифrlар "4-қосымшасында" деген сөз және цифмен ауыстырылсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қайта сақтандырушуылардан алынатын сомалар, күмәнді борыштар бойынша резервті алып тастағанда, қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері сомасының он пайыздан аспайтын сомадағы сақтандыру сыйлықақылары.

Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының 1/12 бөлігін немесе жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша бірінші сақтандыру жарнасын төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелімін ескергендері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құннының есебіне кіргізіледі

Кайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтанушы қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының 1/12 бөлігін төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелімін ескергендері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құннының есебіне кіргізіледі";

9) тармақшада "және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін инвестициялық жылжымайтын мүлік" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлік "активтер құннының есебіне" деген сөздерден кейін "шарттың талаптары бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешек, сондай-ак" деген сөздермен толықтырылсын;

35-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Уәкілетті орган "Standard & Poor's" агенттігінің рейтингтік бағаларынан езге "Moody's Investors Service", "Fitch" және "A.M. Best" агенттіктерінің, сондай-ақ олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағаларын да мойындайды. Бұл ретте "A.M.

Best" агенттігінің рейтингтік бағалары осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасының мақсаттары үшін ғана пайдаланылады.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мынадай активтері жоғары етімді активтер ретінде танылады:

1) қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері сомасының бір пайызынан аспайтын сомадағы кассадағы ақшасы;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдары;

3) мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін:

"Standard & Poor's" агенттігінің "BB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұксас деңгейдегі рейтингі немесе "Standard & Poor's" ұлттық шекілі бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар;

резидент емес бас банктерінде "Standard & Poor's" агенттігінің "A"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұксас деңгейдегі рейтингі бар резидент еншілес банктер болып табылатын;

"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шекілі бойынша "B+"-тен "B"-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұксас деңгейдегі рейтингі, немесе "Standard & Poor's" ұлттық шекілі бойынша "kzBB"-тен "kzB+"-ке дейінгі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдары;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес айналысқа шығарылған) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

5) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздары;

6) "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздары;

7) қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне кіретін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары:

"Standard & Poor's" агенттігінің "BB"-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұксас

денгейдегі рейтингі немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы" 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) қаулысында (бұдан әрі – № 77 қаулы) көзделген "акциялар" секторының бірінші (ең жоғарғы) немесе екінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялар және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, "Standard & Poor's" агенттігінің "B"-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар борыштық бағалы қағаздары;

Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген "рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары;

8) осы тармақтың 7) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент-ұйымдары Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мынадай талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары:

қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктердің бағасының болуы;

борыштық бағалы қағаздардың эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті берген күнге дейін кем дегенде екі жыл бұрын жүзеге асырылған;

борыштық бағалы қағаздардың эмитенті қаржылық есептілікті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (International Financial Reporting Standards – IFRS) (бұдан әрі – ҚЕХС) немесе Америка Құрама Штаттарында (General Accepted Accounting Principles – GAAP) (бұдан әрі – АҚШ ҚЕС) қолданылатын қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес жасайды;

кор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне кіретін аудиторлық ұйымдардың бірі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі кем дегенде екі аяқталған қаржылық жыл үшін ұсынылған;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге қаржылық есептілікке сәйкес оның жарғылық капиталынан көп немесе оған тең. Бұл ретте борыштық бағалы қағаздардың эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кем дегенде екі миллион елу мың еселенген мөлшеріне баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің соңғы екі жылдың бір жылындағы таза кірісі аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кем дегенде сексен бес мың алты жұз еселенген мөлшеріне баламалы соманы құрайды;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйым - борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігінің деректері бойынша соңғы екі жылдың әрбір жылды үшін негізгі қызметі бойынша сату көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кем дегенде екі миллион елу мың еселенген мөлшеріне баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізімінде болуы кезінде осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иелігінен алу (табыстау) құқығына нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін нормалар болмайды;

9) осы тармақтың 7) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарында, сондай-ақ 8) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұйымдары Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мынадай талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары:

қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктердің бағасының болуы;

борыштық бағалы қағаздардың эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті берген күнге дейін кем дегенде бір жыл бұрын жүзеге асырылған;

борыштық бағалы қағаздардың эмитенті қаржылық есептілікті ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес жасайды;

қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне кіретін аудиторлық ұйымдардың бірі борыштық бағалы қағаздардың эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздардың эмитенті аудиторлық есеппен расталған соңғы аяқталған қаржылық жыл үшін қаржылық есептілікті ұсынған;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге қаржылық есептілікке сәйкес оның жарғылық капиталынан кем бола алмайды. Бұл ретте борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кем дегенде үш жүз қызық мың еселенген мөлшеріне баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге қаржылық есептілікке сәйкес аяқталған қаржылық үш жылдың бір жылында таза кірісінің болуы;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйым - борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігінің деректері бойынша соңғы қаржылық жыл үшін негізгі қызметі бойынша сату көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржылық жылға белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кем дегенде үш жүз қызық мың еселенген мөлшеріне баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иелігінен алу (табыстау) құқығына нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін нормалар болмайды;

10) шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, "Standard & Poor's" агенттігінің "BBB"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік мәртебеге ие бағалы қағаздары;

11) шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздары:

"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB"-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздары;

"Standard & Poor's" агенттігінің "BBB"-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

12) тізбесі осы Нұсқаулықтың 37-тармағында белгіленген халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;

13) Лондондық қымбат металлдар нарығының қауымдастыры (London billion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында "Лондондық сапалы жеткізілім" ("London good delivery") стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металлдары және металл депозиттері, оның ішінде "Standard & Poor's" агенттігінің "A"-дан төмен емес халықаралық рейтингтік бағасына немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингіне ие Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі металл депозиттері.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдары осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында көрсетілген көлемде жоғары өтімді активтер есебіне енгізіледі.;

43-тармактың бірінші бөлігінің екінші сөйлемінде "10)" деген цифр "13)" деген цифрен ауыстырылсын;

Нұсқаулықтың 4-қосымшасының "сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапа және өтімділік жіктелімдерін ескергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің есебі" кестесінде:

реттік нөмірі 1.1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.1	Қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан бір пайыздан аспайтын сомада кассадағы ақша	11111	100%
-----	---	-------	------

";

реттік нөмірі 5-жолдың екінші бағанында "11156" деген цифрлар "11158" деген цифрлармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5.2, 5.3-жолдар мынадай мынадай редакцияда жазылсын:

"

5.2	№ 77 қаулыда көзделген "акциялар" секторының бірінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялары және күмәнді борыштар бойынша резервті алғып тастағанда осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	11152	70%
	№ 77 қаулыда көзделген "акциялар" секторының екінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялары және күмәнді борыштар бойынша резервті алғып	11153	50%

5.3	тастаганда осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық колхаттары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)		
-----	---	--	--

":

реттік нөмірі 5.5-жолдың екінші бағанында ""бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздары" санатына жатқызылған" деген сөздер "№ 77 қаулыда көзделген "бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар (ең жоғарғы санат)" санатының талаптарына сәйкес келетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5.6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

5.6	күмәнді борыштар бойынша резервті алып тастаганда № 77 қаулыда көзделген "екінші шағын санаттың (ең жоғарғы санаттан кейінгі) рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	11156	70%
-----	--	-------	-----

":

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5.7, 5.8-жолдармен толықтырылсын:

"

5.7	осы Нұсқаулықтың 36-тармағының 8) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары	11157	80%
5.8	осы Нұсқаулықтың 36-тармағының 9) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары	11158	70%

":

реттік нөмірі 12-жолдың екінші бағанында "қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жылжымайтын мүлік және инвестициялық мүлік" деген сөздер "жылжымайтын мүлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

14	Қайта сактандырушылардан алынатын сомалар, күмәнді борыштар бойынша резервті алып тастаганда, қайта сактандыру активтерін шегергенде сактандырушылардан (қайта сактандырушылардан) және делдалдардан алынатын сактандыру (қайта сактандыру) үйимының активтері сомасының он пайызынан аспайтын сомадағы сактандыру сыйлыққақылары бойынша берешегі	12100	100%
----	--	-------	------

":

реттік нөмірі 15-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 16-жолдың екінші бағанында "+" "12200" деген цифрлар алынып тасталсын;

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары активтерінің қатысуымен жасалынатын (НД3) "көрі РЕПО" мәмілелері отыз күннен аспайтын мерзімге және тек автоматты тәсілмен жасалынуы мүмкін, қайта сақтандыру активтерін шегергендегі активтерінің отыз пайзынан аспайды" деген екінші кестедегі деген реттік нөмірі 4-жолдан кейін мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5, 6-жолдармен толықтырылсын:

"

5	Бір инвестициялық қордың пайларына инвестициялардың жиынтық мөлшері (НД8) – қайта сақтандыру активтерін шегергендегі активтерінің он пайзынан артық емес
6	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық мөлшері (НД9) – қайта сақтандыру активтерін шегергендегі активтерінің он пайзынан артық емес

";

Нұсқаулықтың 5-қосымшасының "пруденциалдық нормативтер есебіне арналған қосымша мәліметтер" кестесінде:

реттік нөмірі 8004-жолдың екінші бағанында:

"мерзімі өтпеген" деген сөздер алынып тасталсын;

"үйымдардан алынатын" деген сөздерден кейін "қайта сақтандыру активтерін шегергенде, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері сомасының он пайзынан аспайтын сомадағы" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 8005-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8090-1-жолмен толықтырылсын:

"

8090-1	Өзге салымдар
--------	---------------

";

реттік нөмірі 8094, 8095-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

8094	№ 77 қаулыда көзделген "акциялар" секторының бірінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары
8095	№ 77 қаулыда көзделген "акциялар" секторының екінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары

";

реттік нөмірі 8098, 8099-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

8098	№ 77 қаулыда көзделген "бірінші шағын санаттың (ең жоғарғы санат) рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары
------	--

8099	№ 77 қаулыда көзделген "екінші шағын санаттың (ең жоғарғы санаттан кейінгі) рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары
------	--

" ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8099-1, 8099-2-жолдармен толықтырылсын:

"

8099-1	Осы Нұсқаулықтың 36-тармағының 8) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары
8099-2	Осы Нұсқаулықтың 36-тармағының 9) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары

" ;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8103-1-жолмен толықтырылсын:

"

8103-1	Өзге бағалы қағаздар
--------	----------------------

" ;

реттік нөмірі 8105-жолдың екінші бағанында "қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жылжымайтын мүлік және инвестициялық мүлік" деген сөздер "жылжымайтын мүлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

Нұсқаулықтың 6-қосымшасының "жоғары өтімді активтер жеткіліктілігі нормативінің есебі" кестесінде:

реттік нөмірі 5.2, 5.3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

5.2	№ 77 қаулыда көзделген "акциялар" секторының бірінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялары және күмәнді борыштар бойынша резервті алып тастағанда осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	70%
5.3	№ 77 қаулыда көзделген "акциялар" секторының екінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялары және күмәнді борыштар бойынша резервті алып тастағанда осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	50%

" ;

реттік нөмірі 5.5-жолдың екінші бағанында ""бірінші шағын санаттың рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатына жатқызылған" деген сөздер "№ 77 қаулыда көзделген "бірінші шағын санаттың (ең жоғарғы санат) рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатының талаптарына сәйкес келетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5.6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

5.6	№ 77 қаулыда көзделген "екінші шағын санаттың (ең жоғарғы санаттан кейінгі) рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар" санатының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары - күмәнді борыштар бойынша резервті алып тастағанда баланстық құнының 70%-ы қолданылған (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып)	70%	
-----	--	-----	--

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5.7, 5.8-жолдармен толықтырылсын:

"

5.7	осы Нұскаулықтың 36-тармағының 8) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары	80%	
5.8	осы Нұскаулықтың 36-тармағының 9) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары	70%	

";

7-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының 2010 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының алтыншы, жетінші, он бесінші, алпыс жетінші, алпыс сегізінші, жетпіс жетінші, тоқсан тоғызыншы абзацтарын және осы қаулының 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармағының он біріншіден он төртіншіге дейінгі, он алтыншы, жетпіс сегізіншіден сексен біріншіге дейінгі, сексен бесіншіден сексен сегізіншіге дейінгі абзацтарын қоспағанда, осы қаулы Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулының 1-тармағының жиырма алтыншы абзацының қолданылуы 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін таралады.

Ескеरту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 174 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

3. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Түсіпов) 2010 жылғы 30 сәуірге дейінгі мерзімде "Сақтандыруды қадағалау" автоматтандырылған

ақпараттық шағын жүйені енгізілген өзгерістерді ескере отырып, жетілдіруді қамтамасыз етсін.

5. Агенттіктің Төрайым Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ә. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2009 жылғы 30 қарашадағы № 238
қаулысының қосымшасы
"Сактандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының пруденциалдық нормативтер
есебінің нормативтік мәні мен
әдістемесі, пруденциалдық
нормативтердің орындалғандығы
жөніндегі есепті беру нысандары
мен мерзімі туралы Нұсқаулықтың
7-қосымшасы

Ұзақ мерзімді рейтингтердің салыстырмалы кестесі

№	Standard & Poor's	Moody's Investors Service	Fitch	A.M. Best
1.	AAA	Aaa	AAA	aaa
2.	AA+	Aa1	AA+	aa+
3.	AA	Aa2	AA	aa
4.	AA-	Aa3	AA-	aa-
5.	A+	A1	A+	a+
6.	A	A2	A	a
7.	A-	A3	A-	a-
8.	BBB+	Baa1	BBB+	bbb+
9.	BBB	Baa2	BBB	bbb
10.	BBB-	Baa3	BBB-	bbb-
11.	BB+	Ba1	BB+	bb+
12.	BB	Ba2	BB	bb
13.	BB-	Ba3	BB-	bb-
14.	B+	B1	B+	b+
15.	B	B2	B	b
16.	B-	B3	B-	b-

"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК